

А.В. Турлаев, А.Б. Шакирова*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: turlaev_a@mail.ru, altunay.shakirova@mail.ru)*

Білім беру саласындағы жеке тұлға құқықтарының пайда болуы мен дамуының генезисі (тарихи-теориялық талдау)

Мақалада адам құқықтары теориясының дербес санаты ретінде білім беру саласындағы жеке құқықтардың пайда болуы мен даму үрдісі ашылды, осы институттың негізгі ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеудің мақсаты білім беру саласындағы жеке құқықтар тенденциясын және осы институттың әртүрлі тарихи дәуірлердегі даму кезеңдерін анықтау болып табылады. Зерттеудің жалпы және арнайы әдістерінің көмегімен, тарихи материалды талдау және қорыту, осы институттың дамуының негізгі заңдылықтарын анықтау мақсатында білім беру саласындағы адам құқықтарының әртүрлі түрлерін қарау жүзеге асырылады. Адам құқықтары теориясы тұрғысынан білім беру саласындағы адамның, қоғамдық институттардың және мемлекеттің құқықтары мен міндеттері қарастырылды. Жүргізілген зерттеудің нәтижесі ретінде білім беру саласындағы жеке адам құқықтарының дамуын кезеңдендіруді жүзеге асыру, адам құқықтарының аксиологиялық аспектілерін қарастыру және зерттелетін институттың дамуының негізгі заңдылықтарын анықтау болып табылады. Білім беру саласындағы жеке адамның құқықтары әр адамның ажырамас құқығы және жалпы адам құқықтары институтының қажетті элементі ретінде қарастырылды, оның мазмұны қолданыстағы қазақстандық, шетелдік және халықаралық құқықты талдау арқылы түсіндірілді. Мақалада заңгерлер мен әлеуметтанушылардың білім беру саласындағы құқық туралы идеялары жүйеленді.

Кілт сөздер: білім, білім беру саласы, генезис, адам құқықтары, құқықтың тарихи дамуы, құқық теориясы.

Kіpіcne

Генезис — грек тілінен аударғанда шығу тегі, қалыптасуы дегенді білдірді, яғни дамып келе жатқан құбылыстың қалыптасуын, пайда болуын анықтайтын философиялық категория.

Білім беру саласындағы жеке тұлғаның құқықтары, олардың генезисі, әлеуметтік бастаулары мен маңызы — адамзат өркениеті тарихындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл құқықтық институттың қалыптасуы мен даму тарихы сонау көне заманнан бастау ала отырып, бүгінгі күнге дейін бірнеше мыңжылдықтар бойы түрлі өзгерістер мен сан-қырлы даму бағыттарын бастан кешіріп қалыптасып отырғанын тарихи деректерден аңғара аламыз. Атап айтатын болсақ, адам құқықтарының құқықтық институт ретінде дамуы Ежелгі Элладан бастап бүгінгі құқықтық тұжырымдалу негізіне дейін созылады. Адам құқықтары институты ол бір күнде пайда болған құбылыс емес, оның даму тарихы сонау көне заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тауып, әр кезеңдегі философтардың, саясаткерлердің және заңгерлердің жүздеген ұрпақтарының зерттеулері арқасында, адам құқықтары деп аталатын үлкен құқықтық институт ретінде қалыптасты. Тарихқа үңіліп қарасақ, адамзат тарихындағы әрбір кезең адам құқықтары саласындағы жетістіктерімен ерекшеленеді. «Өркениет біткеннің өзегі — өрелі білімде» деп ата-бабамыз айтқандай, кез келген адамның тұлғалық ерекшеліктерін ажыратуының өзінде білім алу, білімді болу бұл басты ұстанымдардың бірі деп ойлаймыз. Бүкілдүниежүзілік қауымдастық дамудың көшінде аты озған елдің барлығы байыпты білім мен ғылымға ежелден ерекше ден қойған. Яғни, білім алу бұл адамның тұлғалық қасиеттерін дамытудың бір тармағы деп түсінеміз. Осыған сәйкес, білім алу саласындағы адам құқықтарының пайда болуы мен даму үрдісі ашылатын, осы институттың негізгі ерекшеліктерін ажыратып қарастыратын бұл тақырып бүгінгі күн үшін де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Білім — адам ойының мәңгілік тақырыптарының бірі. Білім алу ортасындағы туындаған мәселелер қоғамда өздігінен орын алып, оның өзектілігін дәлелдеуді қажет етпейтін, өзін-өзі айқындайтын қанықтылығымен ерекшеленеді. Білім беру мәселелері Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Грецияның философиялық және діни жүйелерінің қалыптасу кезеңінде теориялық рефлексия тақырыбына айналды. Периклдің алтын ғасырынан бастап білім қоғамдық оймен адамның кеңейтілген көбеюінің

*Корреспондент автор. E-mail: altunay.shakirova@mail.ru

маңызды саласы ретінде танылады, ал кітап «мәңгі нәрсе» ретінде қабылданады. Осы кезден бастап, білім беру саясаты мемлекеттің ішкі саясатының дербес бағыты ретінде де қалыптаса бастады. Соған қарамастан, білім философиясы және білім туралы құқықтық ойлар зерттеулердің тәуелсіз бағыты ретінде нақты ХХ ғасырдың ортасында орын алады, ал білім беру мәселелеріне арналған алғашқы дүниежүзілік философиялық конгресс тек 1998 жылы өтті.

Адам тұлғасы ұғымының қалыптасуының тарихи процесінде оның бірегейлігі мен қайталанбастығында діни философия ерекше орынды иеленеді. Әлемдік діндердің қазіргі өркениетке қосқан маңызды үлесі — ретінде теңдік, әділеттілік, қайырымдылық, мейірімділік және бауырластық идеяларын жариялаған, әлемдік қауымдастықпен мойындаған адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының алғашқы негізгі болып табылатын тұлға тұжырымдамасы танылады. Жеке құқықтар идеясы және адамның білім алу құқықтары адам құқықтарының табиғи-құқықтық тұжырымдамасымен тығыз байланысты және адамның білім алу құқығын, адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде танудан ажыратылмайтын түсіну екендігін осы арқылы дәлелдеуге болады. Бұндай тұжырымдаулар ежелгі уақыттан бастап қалыптасқан. Құқық түсінушіліктің табиғилығын сомдаушылар «биліктің бастапқы иесі құдай...», яғни өзі жаратқандары үстінен абсолютты егеменділікті иеленетін және олардың алдында моральдық міндет жүктелмейтін құдай табиғи заңның қайнар көзі болып табылады деп санайды. Әлемде мәңгі және өзгермейтін заң бар, табиғи құқық мәдениеттің даму деңгейіне және адамның құдайға жақындасуына қарай адамдарға ашылады деп тұжырымдаған. Қазіргі кезде табиғи құқық түсінігі жеке тұлғалардың ажыратылмайтын құқықтары призмасы арқылы табиғат пен адамның үйлесуі, оның әділеттілігі, ақылдылығы идеясын сақтайды.

Теориялық негіздер мен әдістер

Мақаланы зерттеуде салыстырмалық үрдістер тәжірибесіне сүйене отырып қарастыратын, әмбебап ғылыми әдістер яғни, диалектика және аксиология, жалпы ғылыми — талдау, тарихи әдіс, салыстыру және құқықтық зерттеулердің жеке әдістері қолданылды. Талдау мен жалпылаудың көмегімен жеке ғалымдардың құқықтық бастаулары, көзқарастары мен теориялары қарастырылды және тарих пен құқық теориясындағы білім беру саласындағы жеке тұлғаның құқықтарын көрсету мәселелерін ашатын жеке пікірлер мен ережелер талданды. Зерттеудің негізі құқықтық нормалар мен қоғамдық қатынастардың динамикалық дамуын және өзгергіштігін көрсететін диалектикалық тәсіл болып табылады. Сонымен қатар, нақты тарихи кезеңдегі білім беру ортасындағы адам құқықтарын реттеудің негізі ретінде әрекет ететін құқықтық қағидалар мен құқықтық құндылықтар метафизикалық негіз ретінде қарастырылды. Зерттеудің теориялық негізіне, В. С. Нерсисянц, М. В. Смирнова, Е. А. Лукашева, Е. М. Смагуловтардың ғылыми еңбектері мен мақала авторларының ғылыми жұмыстары алынды.

Талқылау нәтижелері

Зерттеу барысында өз зерттеулерін білім беру саласындағы жеке құқықтардың даму категориясына арнаған авторлардың әртүрлі көзқарастары қарастырылды. Зерттеу барысында біз келесі нәтижелерге қол жеткіздік.

Білім беру мәселелері Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Грецияның философиялық және діни жүйелерінің қалыптасу кезеңінде теориялық тұжырымдалудың тақырыбына айналды. Ежелгі Шығыста тәрбие берудің жалпы қоғамдық әлеуметтік қызметтері ажыратыла бастаған кезде ғана, адамдар білім беру іс-әрекетінің тәжірибесін жалпылау туралы ойлана бастады. Ежелгі дәуірде көптеген елдерде тәрбие мен білім беру күш көрсету, мәжбүрлеу жолдарымен жүзеге асырылды. Нақты тоқтала кетсек, Ежелгі Египет папирустарының бірінде: «баланың құлағы оның артында, ол ұрған кезде тыңдайды» деген сөз жазылған. Осындай деректерге сүйене отырып, сол кездегі тәрбие мен білім берудің зорлық-зомбылық пен физикалық жазаға негізделе отырып жүзеге асырылғанын аңғаруға болады. Тіпті сол кезеңдегі кейбір ойшылдардың тұжырымдауы бойынша бұл әрекет педагогикалық идеяның бір түрі ретінде танылған [1; 29]. Бұл қоғамда баланы жазалау арқылы білім беру қоғам мүшелерінің көзқарасы бойынша тәрбие берудің бір түрі ретінде танылып, оны қазіргі таңдағыдай адамның жеке құқықтарына қол сұғушылық емес, керісінше тәртіпке үйрету, білім беру жолы деп түсінген.

Білім беру кеңейіп, күрделене түскен сайын, тәрбие беру мәселелері бойынша теориялық білімнің арнайы саласы қарқынды дами бастады. Кез келген білім беру, тәрбиелеу жолдары

философиялық көзқарастар мен идеяларға негізделі отырып қалыптасты. Ежелгі мемлекеттердегі әр түрлі тайпалар мен одақтарда қалыптасқан тәрбие мен оқыту негізі отбасында жүзеге асырылған. Ежелгі Шығыс өркениеттерінде қауымдық-рулық жүйеден құл иеленушілік жүйеге дейін отбасылық тәрбиенің бұрынғы дәстүрлері сақталған. Ежелгі өркениеттер тарихына көз жүгіртіп қарасақ, тәрбие мен оқытудың алғашқы баға жетпес мұрасын қалдырғанын көре аламыз. Сол кездегі патриархалдық отбасындағы тәрбие мен білім беру нысандары сақталған құндылықтар Шығыстың әдеби ескерткіштерінде бекітілген: Вавилон патшасы Хаммурапидің «заңдары» (б. з. д. 1750 ж.), Еврей патшасы Сүлейменнің «астарлы әңгімелері» (б. з. д. 1 мың жылдық басы), үнділік «Бхагавадгита» (б. з. д. 1 мың жылдық ортасы) және т. б.

Шумердің «әлемді құру туралы аңызында» және Хаммурапи патшаның «заңдар» жинағында тәрбие ата-ананың міндеті екендігі баса айтылған [2]. Сол кездегі тұжырымдалған «Астарлы әңгіме» педагогикалық идеясына сүйенсек, — әкенің басты міндеті тәлімгер болу, ал баласы ата-ананы құрметтеу қажет екендігі тұжырымдалады («ақылды ұл әкені қуантады, ал ақымақ адам оны жылатады»).

Біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда Қытайда даосизмнің негізін қалаушы Лао-Цзы білім беруді ұйымдастыру адам мен аспанның үйлесімділігіне жасанды кедергі ретінде қарастырды. Ал тағы бір маңызды діни және дүниетанымдық жүйе — Конфуций ілімі, оның негізін қалаушы Еуропалық транскрипцияда Конфуций ретінде белгілі Кун-Фу-Цзы (б.з. д. 551–479 ж. ж.) білім беру мен тәрбие берудегі тіпті, қоғамдағы барлық қиыншылықтар мен тәртіпсіздіктердің себебін адамның негізгі қасиеттері адалдық, мойынсұну, ата-аналар мен үлкендерге құрмет деп санай отырып, адамдардың моральдық құлдырауынан көрді. Конфуций қоғамда ғылым мен білімнің қамқоршысы ретінде құрметке ие болған. Ол ежелгі Қытайдың педагогикалық тәжірибесін жинақтап, белгілі бір жалпы философиялық және әлеуметтік көзқарастарға негізделген өзіндік білім беру идеяларын білдірді. Тәрбие, адамгершілік өзін-өзі жетілдіру адам өмірінің маңызды факторлары, әл-ауқаттың ажырамас шарттары ретінде қарастырылды [3].

Қытайдағы білім әрқашан үлкен маңызға ие болды, өйткені барлық жоғары лауазымдарға жол мемлекеттік емтихандарды тапсыру арқылы өтті. Теориялық емтихандарды кез келген сыныптағы адам тапсыра алады, бірақ қосымша талап ретінде егер оның отбасында үш ұрпақ ішінде актерлер, шаштараздар, түрмедегілер немесе жезөкшелер болмауы керек болатын, бұл елдерде іс жүзінде білім жеткілікті дәрежеде элиталық болып есептелді.

Классикалық қытай білімі жеке және мемлекеттік болып бөлінетін мектептерден басталды, соңғысы жіктелу ауылдық мектептер шэ-сэ, уездік мектептер сянь-сэ және облыстық мектептер шу-юань болып (ауыл мектептері бірінші сатыға, қалғандары екінші сатыға жатты) бөлінді, барлық білім ақылы болды, бұл жоғарыда тоқталғанымыздай білімнің элиталық екендігін анықтайды. Мектептерде тек ұлдар оқыды, ал әйелдер үйде білім алды. Ер балалар 7–8 жастан бастап мектепке қабылданып отырған және олар мектепке барған кезде сюэ-мин деген жаңа «мектеп» атауына ие болған. Тәрбие қатынастарының негізі — кішілердің үлкендерге деген құрметі болды. Тәлімгер әкесі ретінде саналған. Мұғалімнің қызметі қоғамда ерекше орынға ие болған және ол өте құрметті атақ деп есептелген. Білім алу өте маңызды іс болды. Бұл кезеңде де білім алушылардың құқықтық қорғалу нысаны нормативтік жүйеде мүлдем ескерілмеген, тек кішінің үлкенге құрмет көрсетуі нысанында тәрбиелік бағытта жазалау ғана танылған. Ежелгі кітаптарға сәйкес, Қытайдағы алғашқы мектептер б.з.д. 3-мыңжылдықта пайда болды. Олар Сян және Сюй деп аталды. Сян жастарды тәрбиелеуге және тәлім беруге бел бұған қарттарға арналған баспана түрінде пайда болды. Сюй басында әскери іс, атап айтқанда садақ атуды үйретті. Кейінірек олар оқу орнын белгілеу үшін сюэ (оқыту, оқу) сөзін қолданды. Сюэ туралы алғашқы куәліктер Шан (Инь) дәуірінің (б.з. д. XVI-XI ғғ.) жеке жазбаларында кездескен. Сол кездегі сюэде тек еркін және ауқатты адамдардың балалары ғана оқыды. Оқыту және тәрбиелеу бағдарламасына алты өнер кірді: мораль, жазу, санау, музыка, садақ ату, жылқыны басқару. Жоғарыда қарастырылған деректерге сүйене отырып, Ежелгі Қытайдағы білім алу мен тәрбие жүйесінің мазмұны жалпы философиялық және әлеуметтік көзқарастарға негізделген деп тұжырымдауға болады. Осындай көзқарастардың бірі ретінде Конфуцийдің тұжырымын қарастыруға болады. Оның ойынша тәрбие — адамгершілікті өзін-өзі жетілдірудегі адам өмірінің маңызды факторлары, әл-ауқаттың ажырамас шарттары ретінде қарастырды [4].

Дамытушылық оқыту идеясының тарихы Конфуций заманынан басталады, ол өзінің педагогикалық және дидактикалық мәлімдемелерінде оқытудағы ең бастысы — жан-жақты дамуды қамтамасыз ету деп тұжырымдайды. Содан кейін бұл идеяны Сократ, Квинтилиан өз еңбектерінде

жалғастырды. Дамытушылық оқыту идеясы XVI–XVIII ғасырларда жаңа серпінге ие болды. Онымен М. Монтень, Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, А. Диссервег сияқты танымал оқытушылар мен философтар айналысты.

А.Я. Коменский жаңа заман педагогикасының негізін қалаушы болды. Оның еңбектерінде алғаш болып, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерінің теориялық тұжырымдаулары қарастырылды. А.Я.Коменский тәрбиені адамдар мен халықтар арасындағы әділ қарым-қатынасты орнатудың маңызды алғышарттарының бірі ретінде зерттеген. Оның ойынша: «Мектеп тәрбиесі мен білім жастарды болашақ өзін-өзі тәрбиелеу мен білім алуға дайындауы керек», — деп тұжырымдаған [5; 79].

Білім беру ортасындағы адам құқықтарының шектелу нысаны ретінде көрініс тапқан тағы бір қыры, ол қоғамдағы теңсіздік мәселесінің білім алу саласында өзіндік әсерін тигізуі. Дамудың қай кезеңін алып қарасақта әлеуметтік теңсіздік балалардың орта және жоғары білім алуындағы басты кедергілердің бірі болғанын тарихтан жақсы білеміз. Білім беру ортасындағы әлеуметтік теңсіздік мәселесін сонау антикалық дәуір ойшылдарының еңбектерінде де кездестіруге болды. Нақты тоқтала кетсек, кейбір азаматтарды жынысы мен жасына және әлеуметтік жағдайына қарамастан міндетті оқыту және тәрбиелеу идеясы антикалық дәуір ойшылдарының көзқарастарында көрініс тапқан. Аристотель, Платон, Плутарх Сократ, Цицерон және басқа да антикалық дәуір ойшылдары бұл идеяны белгілі бір дәрежеде дамытып, мемлекеттің білімге тікелей қатысуы қажет екенін өз еңбектерінде атап өткен.

Орта ғасырларда Еуропадағы білім беру мәселелері шіркеудің тікелей әсерімен реттелді. Ресейде білім беру құқықтық категория ретінде ең алғаш шіркеулік құқықтың қайнар көзі «Стоглавтың» (1551 ж.) 25 және 26-тарауларында нормативтік жүйеленуге ие болды [6].

Қайта өрлеу дәуірінде антикалық авторлардың философиялық және құқықтық мұрасына қайта оралу орын алды. Себебі, осы кезеңде антикалық ойшылдардың ұстанымын әрі қарай жалғастырып, Т. Кампанелла, М. Монтень, Т. Мор және тағы басқа ойшылдардың идеяларында білім бостандығының қажеттілігі туралы мәселелер өз еңбектерінде жариялана бастады. Еуропалық мемлекеттер мен XVI–XVII ғасырлардағы американдық колониялардың міндетті білім беру және білімге мемлекеттің қатысуы туралы заңдарын зерттеу және талдау арқылы, мемлекеттің азаматтарды біліммен қамтамасыз ету міндетінің нормативтік тұрғыдан бекітуі жаңа заманда көрініс тапқанын аңғарамыз [7].

Ресейде білім Петр I кезінде міндетті сипатқа ие болды, оның жарлығымен білімі жоқ жас жігіттер мен жас ханымдарға үйленуге, тұрмысқа шығуға және мұра алуға тыйым салынды. Оқыту мемлекеттік жалпы білім беретін және арнайы оқу орындарында жүзеге асырылды. Екатерина II 1775 жылы «губернияларды басқаруға арналған мекемелерді» бекітті, онда алдымен өзгеде мекемелермен қатар, атап айта кетсек, ауруханалар, балалар үйлері, қарттар үйлері, ессіз үйлермен, түзету мекемелерімен бірге халық мектептерінің мәртебесі анықталды. Осы құқықтық актіге сәйкес мектептер барлық қалаларда құрыла бастады. Оқу нысанын (мектеп немесе үй) таңдау құқығы ата-аналарға берілді. Оқудың ақысын төлеудің сараланған жүйесі енгізілді: тұрмысы төмен адамдар тегін оқуға құқылы болды, ал табысы орташа адамдар қол жетімді көлемде ақы төлу арқылы оқытыла бастады. [8; 156].

Жаңа кезең ойшылдары білім берудің мемлекеттік маңыздылығын және оны барлық азаматтарға ұсыну қажеттілігін атап өтті. Т. Гоббс, Д. Дидро, Я. А. Коменский, Д. Локк, Ж.-Ж. Руссо өз еңбектерінде білім бостандығы идеяларын дамытты. Бұл идеялар 1791 жылғы Франция Конституциясында көрініс тапты, онда мемлекеттің жалпыға бірдей бастауыш білім беруді қамтамасыз ету міндетін бекітті [9; 258].

И. Кант пен Г.Гегель білім беруді бостандыққа жетудің құралы ретінде сипаттады және білім беру саласындағы мемлекет пен қоғамдық институттардың бірлескен қызметінің міндеттілігін көрсетті. Олардың тұжырымдары бастауыш білім берудің міндеттілігі орнатылған Пруссиядағы заңнамалық жаңалықтардың негізі болды [10; 59].

Ресейде көптеген зерттеушілер 1802–1804 жылдары халыққа білім беруді қайта құрудың бірінші кезеңі деп тұжырымдайды. Осы кезде бұрынғы коллегиялардың орнына бір орталыққа бағынған министрліктер құрылды. Соның бірі 1802 жылы құрылған Халық ағарту министрлігі болды. Бұл министрлік ғылым, әдебиет, баспасөз, ағарту және тәрбие ісін басқарды. Министрліктің қарамағында қоғамның барлық ғалымдары, академиялар, университеттер, барлық жалпы оқу орындары (рухани, әскери және басқа да мамандандырылған оқу орындарын қоспағанда), қоғамдық кітапханалар,

мұражайлар және басқа да мәдени мекемелер болды. 1803 жылы Халық ағарту министрлігі «Халық ағарту ісінің бастапқы ережелерін» жариялады. Бұл «Ережелер» бойынша бүкіл Ресей 6 оқу округтарына бөлінді, әр оқу округын мемлекет шенеунігі — оқу округының попечителі басқарды. Осылай халық ағарту ісін басқарудың қатаң бюрократтық жүйесі құрылды. 1804 жылы «Оқу құралдарының жарғысы қабылданды». Осы «Жарғы» бойынша Ресейде жаңа оқу жүйесі 4 сатыдан тұратын болды:

- университеттер (жоғары саты);
- гимназия (орта саты);
- уездік училищелер (аралық саты);
- приходтық мектептер (төменгі саты).

Приходтық мектептер әр қала мен селолық жерлерде ұйымдастырылды. Бұлар оқу мерзімі бір жылдық мектептер еді. Бұл мектепке уездік училищелерге оқушылар әзірлеу, дін тәрбиесі мен элементарлық сауат ашу міндеттері жүктелді. Мектептің оқу жоспарында «Құдай заңы» мен ережелері, оқу, жазу, арифметиканың бастапқы төрт амалы, үй тұрмысы мен денсаулыққа байланысты оқыту пәндері қаралды. Приходтық мектептер мемлекет қарамағына алынбады, оларды ұйымдастыру жергілікті басқару органдарына жүктелді. Шаруалардың балалары бұл мектепте оқи алмады.

Уездік училищелер — губерниялық және уездік қалаларда ашылды. Бұлар оқу мерзімі екі жылдық оқу орындары болды. Училищелердің оқу жоспарына 15 оқу пәні: «Құдай заңы», орыс тілі грамматикасы, жағрафия, тарих, арифметика, геометрия, физика, жаратылыстану, бастапқы технология, т.б. пәндер қамтылды.

Гимназиялық білім беру 4 жылға созылды, оқу жоспарына латын және қолданыстағы шет тілдері, тарих, статистика, поэзия, әдебиет, математика, жаратылыс тарихы (минералогия, ботаника, зоология, коммерция, технология, сурет) енгізілді. Дін сабағы қамтылғанымен, орыс тілі оқу жоспарына енгізілген жоқ.

Қазіргі жағдайда қоғам мен мемлекеттің пәндік-практикалық қызметінің тұрақты, тәуелсіз саласы ретінде білім беру танылады. Білімді бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беруді жүзеге асыруға арналған білім беру саласын әлеуметтанушылар дәстүрлі түрде отбасылық, экономикалық, саяси және азаматтық қоғамның діни институттарымен қатар қоғамдық жүйенің негізгі функционалды органы (негізгі әлеуметтік институт) деп таниды.

Білім беруді негізгі әлеуметтік институт ретінде мойындаудан білім беру қатынастары азаматтық, әкімшілік, еңбектік және басқа да құқықтық қатынастармен қатар жүретін құқықтық қатынастардың ерекше түрін құрайды деген логикалық қорытынды жасауға болады. Өздеріңіз білетіндей, қоғамдық қатынастардың салыстырмалы түрде тәуелсіз және кең таралған түрі ғана заңның жеке саласының зерттеу пәні бола алады.

Заңды түрде білім беру саласы негізгі әлеуметтік институт ретінде танылады, өйткені әлеуметтік институтқа тән белгілердің барлығы білім беру саласында кездеседі [11; 186].

Талқылау

Білім беру саласындағы жеке құқықтардың пайда болуы мен дамуы туралы мәселелерді зерттеу және талдау ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі күнге дейінгі бірнеше мыңжылдықтарды қамтыды. Сонымен қатар, дамудың қай кезеңін алып қарасақта, кез келген қоғамдық дамудың көшінде жүрген мемлекеттер ең бірінші кезекте өздерінің болашағын жарқын ету үшін өскелең ұрпағының ілім-біліммен қалыпты сусындап өсуіне көптен көп көңіл бөлінген. Білім беру саласындағы жеке құқықтардың пайда болуы мен дамуының теориялық және тарихи сипаты ашылатын бүгінгі таңдалған тақырыбымызда осы саладағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы мәселені толық түсініп, қажетті деңгейде талдау үшін білім беру тарихы мен бірінші кезең құрылымындағы білім беру субъектілері мен білім беру институттарының пайда болуы туралы егжей-тегжейлі тоқталу қажет. Білім — адам ойының мәңгілік тақырыптарының бірі. Білім беру мәселелері Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Грецияның философиялық және діни жүйелерінің қалыптасу кезеңінен бастап теориялық ойлау тақырыбының өзегіне айналған және ол Ежелгі, Орта ғасырлар, Антикалық дәуір, Қайта өрлеу және жаңа заман ойшылдарының идеялары мен тұжырымдарының негізі бола отырып, сол қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі «тәрбиелеу» немесе «оқыту» туралы туындаған мәселенің шешілуіне септігін тигізіп отырғанын тарихтан жақсы білеміз. Нақты «білім» терминдері XVIII ғасырда антикалық философияда кеңінен қолданыла бастады және тек XVIII ғасырдан бастап «білім» сөзі оқытудың

барлық деңгейлерінде қарастырылып, олардың басым мақсаттары адамгершілік тәрбие және белгілі бір дағдылар мен білімді дамыту негізінде анықталды. Жаңа заман кезеңіне дейін білім алу құқығы және оның негізгі қағидалары педагогикаға негізделі отырып дамыды, осыған сәйкес бұл кезеңге дейін адамның білім алу құқығы құқықтық негіз ретінде қарастырылмаған. Яғни, білім алу құқығының қағидалары педагогикалық мазмұнда танылып, адам құқығының субъективті көрінісі ретінде жүзеге асырылмаған. Олар білім беру саласындағы белгілі бір басымдықтармен байланысты, білім беру мен оқыту әдісінен құрылды. Бұл қағидалардың алғашқы нормативтік сипаты XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басында қалыптаса бастады, ал білім алу құқығы конституциялық және басқа да заңнамалық актілерде XX ғасырдың бірінші жартысында ғана адам құқықтарының бір санаты ретінде қалыптастырылды. Бұл тұжырыммен көптеген ойшылдар толық келіседі. Солардың бірі, академик В.С. Нерсисянц білім алу құқығының теориялық негіздемесін келесідей түсіндіреді: «әрбір құқық жүйесінің тарихы адамды құқық субъектісі ретінде қарастыра отырып, белгілі бір заңды тұжырымдамаларында оның құқықтары мен міндеттерінің, бостандығының болу немесе болмауы туралы түсініктерді (анық немесе жасырын) қарастырады. Осыған сәйкес кез-келген құқық және құқықтық ілімдер — адам құқықтарының дамуы туралы көзқарастар мен қалыптасу тарихының жиынтығынан туындайды және адам құқықтары теориясының бір санаты ретінде қалыптасады...» [12; 49].

Ерте заманның өзінде де ойшылдар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға бірдей міндетті нысанының қажет екенін түсінген. Тіпті антикалық философия өкілдерінің еңбектерінде білім берудің жалпыға ортақ нысаны қалыптаспайынша оның қоғам үшін маңыздылығының жоқ екендігін ажырататын ойларды кездестіруге болады. Мысалы, «кез келген адам, ол тіпті дарынды немесе дарынсыз болсада өзі жетістікке жетуді қалайтын нәрсесін оқып үйренуі керек», — деп Сократ қоғамдағы барлық адамдардың тең дәрежеде білім алуының қажеттілігін түсіндіреді [13; 57]. Ал Платон Сократтың тұжырымын қолдай отырып, келесідей көзқарас білдіреді: «мектепке әкесі қалаған адам ғана емес, барлық балалар келуге, тәрбие алуға міндетті, өйткені балалар ата-аналарына қарағанда мемлекетке көбірек тиесілі, егер мұның бәрі менің заңыммен болса, әйелдер үшін де, ерлер үшін де бірдей міндеттер едім...» [14; 145]. Осылайша, Платон жынысына қарамастан, елдің барлық еркін азаматтары үшін міндетті білім беруді құруды ұсынды. Сонымен қатар, Грек философтарының еңбектерінде алғаш рет білімге тең дәрежеде қол жеткізудің маңыздылығы мен қатар, білім беру ұйымына мемлекеттің қатысу қажеттілігі туралы да ой айтылған.

Білім беру мәселесіне қатысты қазіргі кездегі көзқарастарға талдау жасай кетсек, оның түрлі қырлары мен мазмұндалу нысандарын ашып көрсетуге болады. Қазіргі кезде білім беруді құқықтық санат ретінде тани отырып, білім беруді арнайы қоғамдық қатынастарды реттей алатын құқықтық қызмет ретінде қарастырады және білім беру қызметтерінің түсінігін нақты ажыратады. Білім беру қызметтері — білім, білім беру, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатымен анықталған, нақты субъективті мазмұнға ие білім беру қызметінің элементі [15; 24]. Сонымен қатар, қазіргі заманғы болмысқа сәйкес білім алудағы адам құқығын, мәдени құқықтардың бір түрі ретінде де тану ажыратылады. Мәдени құқықтар мен бостандықтар адамның білім беру, мәдени және рухани деңгейін көтеруге жағдай жасайды, оның толыққанды және үйлесімді дамуына ықпал етеді. Осылайша, кез-келген адам өз өмірі бойы өзінің мәдени құқықтарын толығымен пайдаланады. Білім алу құқығы мәдени құқықтардың ішіндегі қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған және қарастырылған негіздерге сәйкес келесідей қорытындылар жасауға болады. Тарихи дамудың алғашқы кезеңдерінде білім беру мәселелері тек педагогикалық мазмұнда қарастырылған және «оқыту» — тәрбие берудің бір түрі ретінде анықталып, отбасы қатынастарын жүзеге асырудың құралы ретінде пайдаланылған. Сонымен қатар, білім беру ұғымдары тәрбие беру ұғымдарынан еш ажыратылмай ортақ түсінік ретінде қолданылған және ежелгі дәуірде көптеген елдерде тәрбие мен білім беру күш көрсету, мәжбүрлеу жолдарымен жүзеге асырылды. Бұл қоғамда баланы жазалау арқылы білім беру қоғам мүшелерінің көзқарасы бойынша тәрбие берудің бір түрі ретінде танылып, оны қазіргі таңдағыдай адамның жеке құқықтарына қол сұғушылық емес, керісінше тәртіпке үйрету, білім беру жолы деп түсінген. Білім беру ортасындағы адам құқықтарының шектелу нысаны ретінде көрініс тапқан тағы бір қыры ол қоғамдағы теңсіздік мәселесінің білім алу барысындағы әсері. Жоғарыда қарастырып кеткен тарихи кезеңдердің қай-қайсысын алып қарасақта, сол кезең ойшылдарының еңбектерінде көзделгендей, білім алу қоғамдағы кейбір азаматтардың

жынысы мен жасына және әлеуметтік жағдайына сәйкес шектелгенін аңғарамыз. Жалпы білім беру саласындағы жеке құқықтардың құқықтық сипатта көрініс таба бастауы XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басында жүзеге асырыла бастады, ал білім алу құқығы конституциялық және басқа да заңнамалық актілерде XX ғасырдың бірінші жартысында ғана адам құқықтарының бір санаты ретінде қалыптастырылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Старикова, Л.Д. История педагогики и философия образования: учеб. и практ. для вузов / Л.Д. Старикова. — 3-е изд. с доп. — М.: Юрайт, 2018. — 435 с.
- 2 Законы Хаммурапи: хрест. по истории государства и права зарубежных стран: [В 2 т.]. — Т. 1. — М.: НОРМА-ИНФРА, 2009. — 367 с.
- 3 Чанышев А.Н. Философия древнего мира: учеб. для вузов / А.Н. Чанышев. — М.: Академический проект, 2001. — 608 с.
- 4 Литвинова Л.В. Древнекитайская философия. Собрание текстов в двух томах. — Т. 1 / Л.В. Литвинова. — М.: Мысль, 1972. — 363 с.
- 5 Пискунов А.И. Хрестоматия по истории зарубежной педагогики / А.И. Пискунов. — М.: Просвещение, 1981. — 385 с.
- 6 Смирнова М.В. Становление конституционного права на образование в негосударственных общеобразовательных учреждениях России / М.В. Смирнова // Юрист вуза. — 2007. — № 5. С. 10–13.
- 7 Бондаревский А.Е. Развитие права человека на образование в политической и правовой мысли: от античности до начала XX века / А.Е. Бондаревский // Тр. Ин-та государства и права РАН. — 2012. — № 4. — С. 19–30.
- 8 Батыр К.И. Хрестоматия по Всеобщей истории государства и права: [В 2 т.] / К.И. Батыр, Е.В. Поликарпова. — М.: ЮристЪ, 1996. — 581 с.
- 9 Иванов А.А. История государства и права зарубежных стран: учеб. пос. для студ. вузов, обучающ. по спец. «Юриспруденция» / А.А. Иванов. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2012. — 343 с.
- 10 Гегель Г.В.Ф. Философия права / Г.В.Ф. Гегель. — М.: Мысль, 1990. — 205 с.
- 11 Волков Ю.Г. Социология / Ю.Г. Волков, И.В. Мостовая. — М.: Гардарики, 2001. — 432 с.
- 12 Лукашева Е.А. Права человека / Е.А. Лукашева. — М.: Изд. группа НОРМА-ИНФРА, 1999. — 573 с.
- 13 Нерсесянц В.С. Сократ / В.С.Нерсесянц. — М.: Наука; Сер. Научные биографии, 1977. — 152 с.
- 14 Платон. Диалоги / Платон. — М.: Мысль, 1986. — 607 с.
- 15 Шаймуханова Ж.Т. Понятие и сущность образовательной услуги как правовой категории / Ж.Т. Шаймуханова, Е.Ш. Дусипов, Р.Н. Мишель // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. — 2020. — № 3 (99). — С. 23–30.

А.В. Турлаев, А.Б. Шакирова

Генезис зарождения и развития прав личности в образовательном сфере (историко-теоретический анализ)

В статье раскрыт процесс зарождения и развития прав личности в образовательной сфере как категории теории прав человека, рассмотрены основные особенности этого института. В качестве цели исследования выступают тенденции прав личности в образовательном сфере и этапы развития этого института в разные исторические эпохи. С помощью общих и специальных методов исследования осуществлены анализ и обобщение исторического материала, показана история развития права человека в образовательном сфере с целью выявления основных закономерностей развития этого института. С точки зрения теории прав человека рассмотрены права и обязанности человека, общественных институтов и государства в сфере образования. Результатами проведенного исследования показаны периодизация развития прав личности в образовательном сфере, рассмотрение аксиологических аспектов прав человека и выявление основных закономерностей развития исследуемого института. Права личности в образовательном сфере изучены как неотъемлемое право каждого человека и необходимый элемент института прав человека в целом, его содержание раскрывается путем анализа действующего казахстанского, зарубежного и международного права. Кроме того, систематизированы представления юристов и социологов о праве в образовательном сфере.

Ключевые слова: образование, образовательная сфера, генезис, право человека, историческое развитие права, теория права.

A.V. Turlayev, A.B. Shakirova

The genesis of the origin and development of individual rights in the educational sphere (historical and theoretical analysis)

The article reveals the process of the emergence and development of individual rights in the educational sphere as a category of the theory of human rights, discusses the main features of this institution. The purpose of the study is to identify the tendency of individual rights in the educational sphere and the development stages of this institution in different historical eras. Using general and special research methods, the analysis and synthesis of historical material, to show the history of the development of human rights in the educational sphere in order to identify the basic laws of this institution development are carried out. From the point of view of the theory of human rights, the rights and duties of a person, public institutions and the state in the field of education. The study result is the implementation development of the periodization of the of individual rights in the educational sphere, consideration of the axiological aspects of human rights and the identification of the main patterns of development of the institution under study is. Individual rights in the educational sphere are considered as an inalienable right of every person and a necessary element of the human rights institution as a whole, its content is revealed by analyzing the current Kazakh, foreign and international law. The article systematizes the views of lawyers and sociologists about the law in the educational sphere.

Keywords: education, educational sphere, genesis, human rights, historical development of law, law theory.

References

- 1 Starikova, L.D. (2018). *Istoriia pedahohiki i filosofii obrazovaniia: uchebnik i praktikum dlia vuzov* [History of pedagogy and philosophy of education: textbook and workshop for universities]. Moscow: Yurait [in Russian].
- 2 *Zakony Khammurapi: Khrestomatiia po istorii hosudarstva i prava zarubezhnykh stran* (2009). [The laws of Hamurapi. Reader on the history of state and law of foreign countries]. Moscow: NORMA-INFRA [in Russian].
- 3 Chanyshv, A.N. (2001). *Filosofii drevnego mira* [Philosophy of the ancient world]. Moscow: Akademicheskii proekt [in Russian].
- 4 Litvinova, L.V. (1972). *Drevnekitaikaia filosofii. Sbranie tekstov v dvukh tomakh* [Philosophy of the ancient world: Textbook for universities]. Moscow: Mysl[in Russian].
- 5 Piskunov, A.I. (1981). *Khrestomatiia po istorii zarubezhnoi pedahohiki* [Textbook on the history of foreign pedagogy]. — Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 6 Smirnova, M.V. (2007). *Stanovlenie konstitutsionnoho prava na obrazovanie v nehosudarstvennykh obshcheobrazovatelnykh uchrezhdeniiakh Rossii* [Formation of the constitutional right to education in non-state educational institutions in Russia]. *Yurist vuza — Lawyerhigher educational*, 5. 10–13 [in Russian].
- 7 Bondarevskii, A.E. (2012). *Razvitie prava cheloveka na obrazovanie v politicheskoi i pravovoi mysli: ot antichnosti do nachala XX veka* [Development of the human right to education in political and legal thought: from antiquity to the beginning of the XX century]. *Trudy Instituta hosudarstva i prava Rossiiskoi akademii nauk — Proceedings of the Institute of state and law of the Russian Academy of Sciences*, 4, 19–30 [in Russian].
- 8 Batyr, K.I., & Polikarpov, E.V. (1996). *Khrestomatiia po Vseobshchei istorii hosudarstva i prava* [Reader on the General History of State and Law]. Moscow: Yurist [in Russian].
- 9 Ivanov, A.A. (2012). *Istoriia hosudarstva i prava zarubezhnykh stran* [History of state and law of foreign countries]. Moscow: YUNITI-DANA [in Russian].
- 10 Hehel, G.V.F: (1990). *Filosofii prava* [Philosophy of law]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 11 Volkov, Iu.G., & Mostovaia, I.V. (2001). *Sotsiologiiia* [Sociology]. Moscow: Hardariki [in Russian].
- 12 Lukasheva, E.A. (1999). *Prava cheloveka* [Human rights]. Moscow: Izdatelskaia hruppa NORMA- INFRA [in Russian].
- 13 Nersesiants, V.S. (1977). *Sokrat* [Socrates]. Moscow: Nauka; Serii Nauchnye biohrafii [in Russian].
- 14 Platon. (1986). *Dialohi* [Dialogues]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 15 Shaimukhanova, Zh.T., Dusipov, E.Sh., & Mishel, R.N. (2020). *Poniatie i sushchnost obrazovatelnoi usluhi kak pravovoi katehorii* [The concept and essence of educational services as a legal category]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Serii Pravo — Bulletin of the Karaganda university. Series Law*, 3 (99), 23–30 [in Russian].